

Келіңіз, кітап көрмесін көріңіз!



Almaty 2017

28th WINTER UNIVERSIADE



талуына үнқосу, - дейді М.Гончарова. Көрменің ашылу салтанатына мектеп оқушылары мен студенттер, кітапхананың тұрақты оқырмандары қатысты.

- Алматыда өтетін қысқы Универсиада Қазақстанды әлемге жаңа қырынан танытады. Сондықтан, ауқымды спорттық шараға атсалысу - баршаға ортақ міндет. Біз студенттер ойынында ел намысын қорғайтын отандастарымызға жанкүйер болып, қолдау көрсететін боламыз. Біздің спортшылар жоғары нәтижеге қол жеткізеді деген сенімдеміз, - дейді Павлодар қаласындағы №7 орта

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада санаулы күндерден кейін Алматыда жалауын желбірететін Дүниежүзілік қысқы Универсиадаға байланысты арнайы кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрме Алатау баурайындағы аламан аяқталғанша жалғасады.

Фархат ӘМІРЕНОВ



Облыстық кітапхананың кітап қорын сақтау бөлімінің басшысы Марина Гончарованың айтуынша, көрмеге Универсиада бағдарламасына енген қысқы спорттың 12 түріне арналған 200-ден астам кітап қойылған. Сондай-ақ, қазақ спорты жайлы қалам тербеген Несіп Жүнісбайұлы, Рысбек Қыдырбек, Анатөлі Құлназаров, Темірхан Досмұхамбетовтердің кітаптары көпшілік назарына ұсынылды. Көрме арқылы қазақ спортының тарихымен, жетістіктерімен танысуға болады.



- Көрмені 2017 жылдың басты спорттық бәсекелерінің бірі - қысқы Универсиадаға орай арнайы ұйымдастырдық. Бәлкім, бұл көрме оны тамашалай келген оқушылар мен студенттердің қысқы спорт түрлеріне деген қызығушылығын арттыратын шығар. Бастысы, олар Универсиада, қазақ спорты жайлы мол мағлұмат ала алады. Біздің мақсат - өз жерімізде өтетін жаһандық жарыстың насихат-

мектептің 9-сынып оқушысы Тоғжан Байдүйсен.

Естеріңізге сала кетейік, Алматыдағы қысқы Универсиада 29 қаңтар мен 8 ақпан аралығында өтеді. Оған әлемнің 60-қа жуық елінен 2 мыңнан астам спортшы-студент қатысады деп күтілуде. Байрақты бәсекеге Павлодар облысынан 10 спортшы қатысады. Олар спорттың үш түрінен сынға түседі.